<p>Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Электротехникалық тұрмыстық заттар Мақсаты: Электр құралдарымен танысады, ол заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша топтастыра алады. Ресурстар: тұрмыстық техника ойыншықтары, суреттер, слайд. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы I.Шаттық шеңбері. «Кел,балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов. Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! II.Қызығушылықты ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. 1.Шаң-тозанды сүймейді, Тазалап оны жүр дейді. (шаңсорғыш) 2.Бүкіл әлем ішіне сияр Аты оның ...(теледидар) 3.Біздің үйде бір зат бар Сақтайды онда тамақты. Болсын мейлі күз бен жаз Іші оның қатты аяз. (тоңазытқыш) Сұрақ – жауап. Сыни ойлау, бала үні,</p>	<p>I.Математика негіздері. Тақырыбы: Өртүрлі заттар тобын салыстыру Мақсаты: Түрлі заттар тобын қатар қою, үстіне қою арқылы көлемі, саны бойынша салыстырады. Заттарды қатар қойып салыстыру кезінде «сонша, неше...», теңбе-тең», «үлкен», «кіші» терминдерін пайдалануға үйренеді Ресурстар: қуыршақ, пішіндер,текше,түйе суреттері Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Балалар бүгін аптаның нешінші күні ? -Жылдың қай мезгілі ? Тосын сәт. Айгерім қуыршақ келеді. Тапсырмаларды орындауға балалардан көмек сұрайды I-тапсырма.. Суретпен жұмыс. «Неше текше, неше түйе» көріп тұрсындар. Балалардың жауаптары. 2-тапсырма Дидактикалық ойын: «Пішіндерді ажырату» Геометриялық пішіндерді сипаттау, салыстыру Ойын шарты: Екі бала шығып үшбұрыш пішінді, басқада пішіндердің ішінен</p>	<p>I. Көркем әдебиет Тақырыбы: Тоңазытқыш Мақсаты: Тоңазытқыш туралы түсінеді. Электроникаға қатысты жұмбақтарды шешуге үйренеді. Ресурстар: тағазытқыш суреті, бояу, ермексаз Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбері. Кім кезіксе біздерге, Таныс емес демейміз. Аға, тәте, әпкеге, «Сәлеметсіз бе»,- дейміз. Сұрақтар ілмегі. Қазір жылдың қай мезгілі? - Қыстың қай айы? - Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? Сыни ойлау, бала үні. Миға шабуыл Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Қыстың қаңтар, ақпанын, Кебежеме сақтадым. (тоңазытқыш) Сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. Тоңазытқыш туралы түсінік беру. Тоңазытқыш – азық-түлікті салқын</p>	<p>I.Жаратылыстану Тақырыбы: Аквариум дағы балықтар Мақсаты: Аквариумдағы балықтардың тіршілігімен танысады. Балық туралы түсінеді. Ресурстар: балықтардың суреттері, аквариумдағы балық Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбер Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақта қорғауымыз. Біздің топта ұл-қыздар Тату-тәтті ойнаймыз. Ұйымдастыру: Жыл мезгілін сұрау. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Сыни ойлау, бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Сусыз өмір сүре алмайды, Аяғы жоқ,жүре алмайды.(балық) Сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау. Балықты бейнетаспадан көрсетіп тұрып таныстыру. -Балықтың қандай түрін білесіңдер? -Балықтар қайда тіршілік етеді?</p>	<p>I.Дене шынықтыру. Мақсаты: Келергілерден аттап жүреді , допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалата алады. Ресурстар: Доптар, келергі заттар (жіптер, кубиктер) Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау. I. Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен жылжымалы қаламмен жанына, артқа жүру . Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен, қолын керіп ұстап, иығына жазып жүру. Шеңбер бойымен бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Шеңбер бойымен еркін жүру. I сапқа тұру. I саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен бір доп алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Доппен жаттығу. I"Түсіріп алма»Б.Қ қазақша молдас құрып отыру,доп қолда. I Допты жоғары көтеру,қолды бүгіп,бастан</p>
---	---	--	---	--	--

коммуникативтілік дағды.

1. Ой дамыту, түсінік беру.
 Сулы қолмен тоқты қосуға немесе ажыратуға болмайды;
 -Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды;
 -Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.
 -Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды.
 -Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды.
 Өнім арқылы саралау, Блум таксономиясы, жетелеуші сұрақтармен бақылау.

2. Ой қозғау
Балаларды топқа бөлу.
 Оқу ортасы арқылы саралау.
 Құрлымдалған ойын: «Көмекшілер»
 Шарты: Ойын құралдарымен берілген тапсырмаларды орындауды үйретіп, қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.
Бірінші топ: үтікті ток көзіне қосып орамалды үтіктеуіміз керек.
Екінші топ: Қуыршақтың шашын шаш кептіргішпен кептіруіміз керек.
Үшінші топ: Жиналған қоқысты шаңсорғышпен жинау керек
 Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні

табу керек.

3-тапсырма.
 Суретпен жұмыс:
 -Ненің суретін көріп тұрмыз?


-Қоянның қолында неше шар?
 -Мысықтың қолында неше шар бар?
 -Шардың түстері қандай?
 -Шардың пішіндері қандай?
Сергіту сәті:
 Бір дегенде тұармыз,
 Екі, үш, төрт алақанды соғамыз.
 Оң жаққа бұрылып, сол жаққа бұрылып,
 Бес дегенде асықпай,
 Орнымызды табамыз.

4-тапсырма.
 Д/о: «Кеңістікті бағдарлау»
 Шарты: Тақтадағы үлгі бойынша тапсырманы орындау. Тақтаның жоғарғы жағына төртбұрыш, төменгі жағына дөңгелек, оң жағына үлкен үшбұрыш, сол жағына кішкентай үшбұрышты жапсыру. Балалар орындарында орындайды.
Қорытынды.
 Балаларға жұлдызша беру арқылы мадақтау.

температурада сақтап тұру үшін пайдаланатын электр қуатымен жұмыс істейтін құрылғы.

Суретпен жұмыс.
 Тоңазытқыш
 Тоңазытқыштың іші неге суық?
 - Тоңазытқыштың пішіні қандай?
 - Түсі қандай?
Топқа бөлу.
 Оқу ортасы арқылы саралау.
 Құрлымдалған ойын: «Суретші»
 1-топ тоңазытқыштың суретін салады және бояйды
 2-топ тоңазытқыштың ішіне қойылатын балмұздақты мүсіндейді. жеке көмек көрсету.
 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.

Қорытынды.
 балалардың жұмысын қорытындылап аяқтау.
 Мадақтау

2. Дене шынықтыру
Мақсаты:
 Асықты дәлдеп лақтыруға үйренеді.
 Кедергілер арасынан және қолды еденге тигізбей доға астынан еңбектеуге үйренеді
Ресурстар: Асық, доға, құрсаумен
Әдіс-тәсілдер: 4К

-Олар немен қоректенеді?
 Балалар, балықтың бейнесіне назар аудару.
 Оның денесі, басы, көзі, аузы, желбезегі, жүзбе қанаттары, қабыршағы, құйрығы бар.
 - Аквариум қандай ыдыстан жасалған?
 - Ендеше, балықтар аквариумда да тіршілік етеді екен. Аквариумдағы балықтарды жеуге болады ма?
 - Қандай балықтарды жеуге болады?
 - Балалар, балықтар сусыз өмір сүре ала ма?
 Үдеріс арқылы саралу, Блум таксономиясы.
Сергіту сәті:
 Күндей болып күлеміз
 Гүлдей болып өсеміз.
 Құстар болып ұшамыз
 Балық болып жүземіз.
 Бақа болып секіреміз
 Көбелектей қонамыз
 Орнымызға отырамыз.
Балаларды топқа бөлу.
 Оқу ортасы арқылы саралау.
 Құрлымдалған ойын: “Балықты аулау”
 Шарты: Әр топ өздері аулаған балықтарына сипаттама беру.
 4К моделі, бала үні.
Қорытындылау:
 - Балалар, біз нелермен таныстық?

асыру.3.Допты жоғары көтеру.4.Б:К-ка келу. 4-5 рет қайталау.
 2”Допты бастан асырып ұстау»Б:К тізерлеп отыру,доп төменде,көтермелеп қолды алдыға созу.2.Б-Қ-ка келу.3-4 рет қайталау.
 3 «Құлау»Б-Қ аяқ нық кеңдігінде,қол доппен төменде.1 допты алға созып,оң аяқпен құлау.2.Б-Қ -ка келу.
 4 «Еңкею»Б-Қ отыру аяқ алшак,доп ұстағанқолды бүгіп,кеуде тұсында ұстау.Алға оң(сол) аяққа шалу,қолды түзу ұстау.2.Б-Қ ка келу.6 рет қайталау.
 5 Допты айнала жүгіру»Б-Қ н-т доп еденде.Белгі бойынша допты айналып,жүгіріп,тізерлеп отырып,алақанмен допты бір ұру.5 рет әр жаққа қайталау.
 Тыныс алу жаттығулары «Гүл»
 4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.
Негізгі қимыл-жаттығулары:
 1.Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату
 2. Кедергілерден аттап жүру
 Өнім арқылы саралау, 4К

<p>3. Миға шабуыл. Пед жет ойын: «Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат» Ойынның шарты: Көптеген суреттері көрсетіледі. Балалар солардың ішінен эл.техникалық заттарды табу керек. Сыни ойлау. Бала үні, жаппай бақылау.</p> <p>Қортынды Сұрақ-жауап. Балаларды мадақтау. 2.Дене шынықтыру. Мақсаты: Еденге салған тақтай бойымен қос аяқпен секіреді. түрлі бағытта қойылған доптарды лақтыра алады. Ресурстар: тақтай ,доптар. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапка тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Жаппай бақылау.</p> <p>Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар:</p>	<p>2.Сурет салу Тақырыбы: Теледидар Мақсаты: Шаршы пішінді заттардың суретін салуға үйренеді. Ресурстар: бояу,қылқалам, үлгі теледидар Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау.</p> <p>ҰОҚ өтілу барысы Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша, түсін ескере отырып сала алады. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бақылау, саралау, ҰОҚ жүргізілу барысы. Шаттық шеңбер Алдымыздан кезіккен Көп танысты көреміз Бәріне де ізетпен, Иіліп сәлем береміз.</p> <p>Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Ән салады чемодан Ішінде тұр көп адам, Естімейді сөзіңді, Сөйлемейді сөзіңді. Шешуі не екен, балалар? (Теледидар) Сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау. Балаларға теледидар жайлы түсінік беру. Теледидар не үшін керек?</p>	<p>моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапка тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру</p> <p>Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Құрсаумен Б. к: Бір - біріне қарама - қарсы тұру құрсауды жоғарыда ұстау; 1- құрсауды оң жақта көтеру; 2- жоғарыда; 3- сол жақта; 4- төменде. (6 рет қайталау) 2.Б. к: аяқты алшақ ұстау құрсауды жоғарыда көлденең 1- бір жаққа иілу дем шығару; 2- а. қ дем алу. (4 рет қайталау) 3.Б. к: құрсауды тік ұстау; 1- бір бала отырады екіншісі тұрады. 2 - Б. қ. 3-4. қимыл – қозғалысты ауыстыру (6 рет қайталау) 4.Б. к: отыру аяқты екі</p>	<p>- Қандай балықтарды білеміз? Балалардың білімін бағалау, мақтау – мадақтау; Жұлдызша, төртбұрыш, үшбұрышпен білімдерін бағалау. 2.Музыка Педагог жоспары бойынша</p>	<p>моделі, бала үні, жаппай бақылау. Қимылды ойын: Күн мен жаңбыр. Ойын шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау, Қортынды. Балаларды мадақтау. 2.Құрастыру Тақырыбы: Үлкен үй (ұжымдық жұмыс) Мақсаты: Ірі және ұсақ құрылыс материалдарын қолданып үлкен үйдің құрылысын құрастыруға үйренеді (ұжымды жұмыс) Ресурстар: пішіндер, құрылыс материалдары Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бақылау, саралау, ҰОҚ жүргізілу барысы: Шаттық шеңбер Біздің топтың ұл-қыздары, Тату тәтті ойнайды. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлайды. Қызығушылықтарын ояту. Доп лақтыру арқылы жыл мезгілін,ай атын,апта</p>
---	---	--	--	---

<p>сылдырмақпен Б.к.: «Торғай ұшты» 1. Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оңнан солға қарай, төмен-жоғары бұру; «Чик- чирик» деп айту. /6 рет қайталау/ Б.к.: «Баспалдақ» 2. Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, 1- 2 қолды белге қоямыз, 3-4 ныққа .5-6 жоғары созамыз, 7-8 – шапалақтаймыз. Керісінше қайталаймыз. / 6 рет / Б.к.: «Арқан созу» 3. Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- оң қолымызды жоғары, 2- сол қолды төменге қарай созу. 3-4 қимылды керісінше жасау. /6 рет қайталау/ Б.к.: «Гүлдің ашылуы» 5. Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6- рет қайталау.) Б. к.: «Тырна» 6. Аяқтарын біріктіру. Оң аяқты бүгіп, орнында секіру. Сол аяқты /10-15секунд/ Қорытынды: 4 лектен (колонна) 1 саппен шеңбер бойы жүру. Жүруді жүгірумен, секірумен алмастыру. Тыныс алу жаттығулары: мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан «Чух-чух-чух» сөздерімен бірге демді шығарады.</p>	<p>Балалардың жауаптары. Қауіпсіздік ережесін айтып түсіндіру. Сергіту сәті. Әуенді сергіту сәті «Фиксикни» Сурет салудың әдіс-тәсілдерімен таныстырып, түсіндіру. -Балалар, алдымен қарындашпен қағаздың ортаңғы бөлігіне төрт-бұрышты пішінді саламыз. - Дайын болған төртбұрышты қылқаламның көмегімен бояуды сүйкей жаға отырып бояймыз. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Балалардың өз бетінше жұмысы. Жеке көмек. Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Шарты: Жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру Қорытынды. Балалар бір –бірінің жұмыстарын бағалайды. Балаларды мадақтау.</p>	<p>жаққа ұстау; құрсауды өкпе тұстан жоғарыдан ұстау; 1-2 бір бала алға иіледі, екінші бала шалқасынан жатады. 3-4 Б. к. (5 рет қайталау) 5.Бір - біріне бетпе бет тұру; құрсауды төмен жақтан ұстау 1- обручты көтеру оң аяқпен алға бір қадам жасау. 2 - Б. к 3- артқа қадам жасау. (4 рет қайталау) 6. Құрсауды айнала бір-аяқтан, бір аяққа секіріп жүру 7.Терең дем алу 4К моделі, бала үні, тікелей бақылау. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1 Асықты дәлдеп лақтыру 2.Кедергілер арасынан және қолды еденге тигізбей доға астынан еңбектеу Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау, Қимылды ойын: «Айдаһардың құйрығы» Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, ауызбіршілікке жетелеу. 4К моделі, бала үні.</p>	<p>күнін сұрау. Сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау. АКТ технологиясы Балалар назарын слайдка аудару Сұрақ жауап. Балалар, қандай пішіндерді көріп тұрсындар? Дөңгелек түсі қандай? Дөңгелек неге ұқсайды? Ал, Үшбұрыш түсі қандай? Үшбұрыштің бұрыштары нешеу? Үшбұрыш неге ұқсайды? Ал, мынау қандай пішін? Шаршының түсі қандай? Шаршы неге ұқсайды? Балалар мынау пішіндерден не құрастыруға болады? Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды,жанама бақылау. Ой дамыту. Суретпен жұмыс Үлкен,кіші үйлер. Балаларға әңгімелету. Үлкен кіші үйлерді салыстырады. Құрлымдалған ойын. «Мен құрлысшымын» 2 топқа бөлініп үлкен үй және кіші үй құрастырады. Өз бетінше жұмыс Сергіту сәті: Саусағым, қайда болдың?</p>
--	--	---	---

	<p>Бастапқы қалыпқа келу. 4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.</p> <p>Негізгі қимыл-жаттығулары:</p> <p>1. Еденге салған тақтай бойымен қос аяқпен секіру. 2. доптарды лақтыру Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p> <p>Қимылды ойын: «Көлеңке» Максаты: балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту 4К моделі, бала үні.</p> <p>Қортынды. Балаларды мадақтау.</p>		<p>Қортынды. Балаларды мадақтау. 3.Музыка Педагог жоспары бойынша</p>		<p>Балалармен не істедің? – Бір баламен жүгірдім, Бір баламен биледім, Бір баламен қыдырдым, Бір баламен ойнадым, Бір баламен секірдім, Достарымды жинаймын, Ойынды бастаймын! Пед жет ойын: «Үйде қандай пішін бар» Шарты: Құрастырған үйдегі пішіндерді атау. 2 топтың жұмысын бағалап, мадақтау. Қорытынды. Өз ара бағалау</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека № 1 Қарды бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 2 Аязды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 4 Бұшақты бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 5 Қыстап қалатын құстарды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 8 Мұзды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН.					
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,	№14. 1.Ояну Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық.	№16 1.Ояну Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл	№15. 1.Ояну Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық.	№13. 1.Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз,	№ 12. 1. Ояну Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты

шынық-тыру шаралары	Ұйқымызды ашайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау	қимылмен сипандар, Бір - біріне жымныңдар 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау	Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау	Жаттығуды жасайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау	Сергіп ұйқы ашамыз 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау
ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека №2 «Қуыршақты киіндір» Мақсаты: Қуыршақтың жетіспейтін киім-кешегін киіп жасауды, ретімен киіндіруді үйрету. Ұқыптылыққа, әсемпаздыққа тәрбиелеу 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. Еркін ойын Бақылау	«Жыл мезгілдері» Мақсаты: Суретте бейнеленген негізгі белгілері бойынша әр жыл мезгілдері жайлы түсініктерін бекіту. Балаларды жыл мезгілдерін ретін дұрыс көрсететін сөз қолдана отырып, талқылай білуге баулу. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. Еркін ойын Бақылау	Картотека №4 «Әдемі өрнектер» Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер мен түстер жайлы білімдерін бекіту, түсті таңдай білуге үйрету 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. Еркін ойын Бақылау	Картотека №5 Вариативтік компонент. Тақырыбы: Өрнекті кілем Міндеті: Кілемді ұлттық ою-өрнекпен безендіру, ою-өрнек туралы білімдерін бекіту, матадан аппликация жасау жұмысын орындауды үйрету. Балаларға ою-өрнектерді дұрыс орналастыра білуге, кеңістікті, түстерді сезіне білуге үйрету, Эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. Еркін ойын Бақылау	Картотека №8 «Суретшінің қатесі» Мақсаты: Балалардың заттар мен құбылыстардың белгілерін сипаттауды, айқындауды, талдауды, ойлануды үйрету 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. Еркін ойын Бақылау
Шығармашылық саласы картотекасынан Жеке баламен жұмыс: Педагог жоспары бойынша.					
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс киіп білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				

Серуен	Картотека № 1 Қарды бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 2 Аязды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 4 Бұршақты бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 5 Қыстап қалатын құстарды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 8 Мұзды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ					
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу . Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру .Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.				

Тексерілді Ақыл
 Әдіскер: Керуенбаева А.К

ЦИКЛОГРАММА
«Балбобек» ортаңғы тобы
Ақпан айы
IV апта 21-25.02.2022ж

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»
Тақырыпша. «Мамандықтыңбәрі жақсы»
Тәрбиеші: Абдуллина Н.С

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 21.02	Сейсенбi 22.02	Сәрсенбi 23.02	Бейсенбi 24.02	Жұма 25.02
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 16 Құрлымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 17 Құрлымдалған ойын: «Өз мекеніне орналастыр» 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека №4 Құрлымдалған ойын: «Экологиялық бағдаршам» 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека №19 Құрлымдалған ойын: «Ненің баласы?» 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 6 Құрлымдалған ойын: «Кімге не керек» 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
	ӘЛЕУМЕТ Б/Б САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тігілген)				
Таңертеңгі гимнастика	Ақпан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Артикуляциялық жаттығу «тәтті тосап», «түтікше», «жылан».				

	<p>3.Тыныспен жұмыс «Сунгуір» жаттығуы</p> <p>4.Саусақ жаттығуы «Сақина,массаж»</p>				
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: . Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйренеді. Мамандық (тәрбиеші, мұғалім, дәрігер) иелерін атай алады. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бақылау, саралау. ҰОҚ жүргізілу барысы: Шаттық шеңбер Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабак түйген не керек? Көңілді боп жүрейік. Балалар жылдың қай мезгілі? – Ауа райы қандай? – Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар? Сыни ойлау, бала үні. Қызығушылықтарын ояту. -Есік қағылып ішке пошташы кірді -Саламатсыздар ма, балалар. Сендерге Айгүл достарыңыз хат беріп жіберді. -Хаттың ішін ашып оқимыз. Балалар мен сендерге мына жұмбақтарды жібердім шешуін білмей жатырмын маған көмектесіңдерші?</p>	<p>1.Математика негіздері Тақырыбы: Сол жақ – оң жақ. Дөңгелек. Мақсаты: Оң жағы мен сол жағын ажырата алады; шеңбер – геометриялық пішіні туралы түсінеді Ресурстар: дайын ағаш суреті, 2 алма, ойыншықтар. санағыш Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бақылау, саралау, ҰОҚ жүргізілу барысы: 1.Шаттық шеңбері. «Кел,балалар күлейік» Ө.Тұрмажанов. Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! Ой дамыту. Суретпен жұмыс. Тактадағы суреттерге назар аударту. Пед жет ойын: «Жануарларды ата» Шарты: Жануарларды оңнан солға қарай атау, солдан оңға қарай атау. Сыни ойлау, бала үні, командада жұмыс. Құрлымдалған ойын: «Ағаштағы алма» Шарты: Берілген ағаш суретінің оң жағына қызыл</p>	<p>1.Орыс тілі Педагог жоспары бойынша 2.Дене шынықтыру. Мақсаты: Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүреді және жүгіреді. Допты бір-біріне лақтырып, қағып алады. Ресурстар: Көлбеу тақтай, доп. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бақылау, саралау, Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: 1.Допты жоғары лақтыру 2.Шеңберден шеңберге аттау. Жалпы дамыту жаттығулар: 1. Б. қ. – аяқты алшақ</p>	<p>1. Жаратылыстану Тақырыбы: Су қасиетімен танысу Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер, АҚТ технолоиясы. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбері. Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз» Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. II.Қызығушылықты ояту. Пед жет ойын: «Кім жылдам?» Жұмбақ жасыру Дәміде жоқ,түсі жоқ, Пайдаланбас кісі жоқ. (су) Сұрақ –жауап. Сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. АҚТ технологиясы. -Су туралы түсінік беру. -Сұрақ-жауап. -Судың қандай пайдасы бар? -Судың қасиеттері қандай? - Адамдар суды не үшін пайдаланады? (ішеді, жуынады)</p>	<p>1. Дене шынықтыру Мақсаты: Орнынан биіктікке секіруге үйренеді. Кедір-бұдыр тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүре алады. Ресурстар: пішіндер, құрылыс материалдары Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бақылау, саралау, I. Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен көрсетілген бағыт бойынша бірінен кейін бірі жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру. Қол жанда, өкшемен жүру. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. Саптан 4 лекке (колонна) тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау Жаппай бақылау. Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Б.к.: «Келісу» 1. Аяқтары нық мөлшерінде. Қолдары артта. Басты жоғары-төмен бұру, «иә-иә» сөзін айту. /6 рет қайталау/ Б.к.: «Робот»</p>

-Балалар жұмбақты шешіп көмектесеміз ба?
 Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»
Жұмбақ
 1. Тәп-тәтті тағамы
 Астардың маманы.
 (Аспазшы)
 2. Кірпіштен үй салады,
 Ол адам кім болады?
 (Құрлысшы)
 3. Мектептің жүрегі,
 Білімнің тірегі. (Мұғалім)
 4. Сауықтырар сырқатты,
 Жылы үнмен тіл қатты.
 (Дәрігер)
 Балаларды мадақтау.
 Сыни ойлау, бала үні
Ой дамыту.
Суретпен жұмыс. Мамандық түрлерімен таныстыру.
 Балалар, мына суреттерде кімдердің суреттерін көріп отырсыңдар?
 -Олар не істейді?
 4К моделі, бала үні
 Пед жет ойын.
 «Сен өскенде кім болғың келеді?»
 Әр бала өз ойын айтады.
Сергіту сәті.
 Соз қолыңды оң жаққа,
 Соз қолыңды сол жаққа.
 Қолды айналдыр бұлданбай
 Шеңбер жасап тұрғандай
 Құрлымдалған ойын: «Кімге не керек?»
Шарты: Әр мамандықтың құралдарын ретімен жинау.
 Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.

алма суретін салу, ал сол жағына сары алма суретін салу.
Сергіту сәті.
 Ал, балалар тұрайық,
 Үлкен шеңбер құрайық,
 Алақанды соғайық,
 Оң жақтағы балаға,
 Шапалақты соғайық.
 Сол жақтағы балаға,
 Шапалақты соғайық.
 Жоғары төмен қарайық,
 Орнымызды табайық.
Ой қозғау.
 Құрлымдалған ойын: «Жол картасын бейнеле»
Шарты: Берілген заттарды ретімен қоя білу.
 Мыс: Күн, ағаш, құс, шөп, бұлт, т.б.
 4К моделі, бала үні.
Қорытынды.
 Сұрақ жауап арқылы бекіту.
2. Сурет салу
Тақырыбы: Сәнді көйлек
Мақсаты: Мамандықтың түрлерімен танысады (тігінші). Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйренеді.
 Ресурстар: қуыршақ, бояу, таяқша, мөр басылған картоп, үлгі
 Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бақылау, саралау,
ҰОҚ жүргізілу барысы:
Шаттық шеңбері:
 Кел балалар күлейік,
 Күлкіменен түлейік.
 Күлкімізді күн қылып,

қойып, қолды төменде,
 1 - қолды алға созамыз,
 2 - қолды жоғары көтереміз.
 3 - бірінші қалыпқа келеміз. (3 - 4 рет)
 3. Б. қ. – аяқты алшақ, қолды белге қойып, «Сағаттың тілі»
 1 - оңға нілеміз
 2 - солға нілеміз
 Бірнеше рет қайталаймыз. (5 - 6 рет)
 4. Б. қ. – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға нұлу. (4 - 5 рет)
 5. «Қарлығаш» болып ұшамыз
 6. «Қоян» сияқты секіреміз.
 7. Жай жүру, дем алу.
 4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.
Негізгі қимыл-жаттығулары:
 1. Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүру.
 2. Допты бір-біріне лақтырып, қағып алу.
 Өнім арқылы саралау, сыни ойлау,
 командамен жұмыс, жаппай бақылау.
Қимылды ойын:
Торғайлар мен автомобиль»
Мақсаты:
 балалардың зейінің дамыту, шапшандыққа

- Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер)
 Су аға ма? Неліктен?
 Өйткені ол сұйық.
 Үдеріс арқылы саралау,
 4К моделі, бала үні.
Сергіту сәті.
 Ал балалар тұрайық,
 Мойнымызды бұрайық.
 Қолымызды соғайық,
 Су ішінде қалықтап,
 Қәне, жүзіп алайық,
Балаларды топқа бөлу.
 Оқу ортасы арқылы саралау.
Тәжірибе жасау
1-топ. Сүт пен суға тәжірибе
 Қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейтінін бақылайды. "Су - мөлдір"
2- топ. Бояулармен.
 Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан түс пайда болғанын бақылау.
 "Су - түссіз"
3 - топ. Су және ванилин
Яғни: "Судың иісі жоқ"
 Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс, бала үні.
Қортынды
Сұрақ-жауап
Балалардың жауабы.
2. Мүсіндеу
Тақырыбы: Велосипед
Мақсаты: Ермексазды

2. Аяқтары алшақ қойылған, қолдары жанда. Қолдарын алдыға – артқа сермеу және аяқтарын түзу ұстап бір орында жүру. /6 рет қайталау. /
Б.к.: «Қақпа»
3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Белді оңнан - солға, солдан - оңға қарай бұру. /6 рет қайталау. /
Б. к.: «Жіп орағыш»
4. Тік тұрады, аяқты сәл бүгіп, қолды тізеге тигізеді, тізені жан - жаққа айналдырады. /6 рет қайталау /
Б.к.: «Балапан су ішті»
5. Аяқтарын біріктіріп ұстайды. Қолды жанға қойып алақанды жайып, балаланның қанатын жасайды. 1- алдыға еңкейеді, 2- б.к. 3- алақанды шапалақтайды. 4- б.к. /6 рет қайталау /
Б.к.: «Бақа»
6. Аяқтары алшақ қойылған, тізені бүгіп, қолды тізе үстіне қойып орнында «бақа» сияқты секіру. /8 рет секіру. /
Қорытынды:
 4 лектен (колонна) 1 саппен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.
Тыныс алу жаттығулары:
 шәйнектік дыбысын салу.
 Терең тыныс алып, демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.
 4К моделі, бала үні, тікелей

Қорытынды
Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау

2.Дене шынықтыру
Мақсаты: Сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүреді. Допты бір-біріне төменнен лақтырады. доғаның астынан еңбектей алады.

1.Кіріспе бөлім.
Бір қатар сапқа тұру.
Сәлемдесу.
(нұсқауларды орындау)
.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.
Баяу жүгіру, жылдам жүгіру
Жаппай бақылау.

Негізгі бөлім:
Жалпы дамыту жаттығулар:
1.Б.к.к.аяқ бірге,қол төменде,қолды алға,жоғары,жанына,төмен түсіру.5-6 рет
2.Б.к.к.аяқ бірге,қол төменде қолдарын екі жанынан жоғары көтеріп,айкастырып,төмен түсіру (5-6 рет)
3.Б.к.к.аяқ алшақ,қол белде оң жаққа қозғалғанда оң қолды көтеру,сол жаққа қозғалғанда сол қолды көтеру,екі жаққа да 3 реттен
4.Б.к.к аяқ алшақ,қол алда қолды кезек-кезек айкастыру (5-6 рет)
5.Б.к.к аяқ бірге,қол төменде қолды созып отырып тұру.

Гүл өссін деп тілейік.
Қызығушылықтарын ояту.
Тосын сәт.
Айгерім қуыршақ келеді.
Балалардан көмек сұрайды.
Туған күнге баруға әдемі көйлек керек дейді.
Ой қозғау.
Көйлекті кім тігеді ?
Көйлекті неден тігеді ?
Қандай көйлектер болады ?
Тігінші мамандығымен таныстыру.
Қанекей балалар
Айгерімнің көйлегін сәндеп әшекейлеп беру керек.
Сыни ойлау, бала үні.
Балаларға көйлекті сәндеу үлгісін көрсету, түсіндіру.
Алдымызда тұрған мақталы таяқшаны пайдаланып көйлекті сәндеп нүктелер түсіреміз , картоппен көйлек етегіне мөр басу арқылы таңба түсіреміз көйлегіміз сәнді әдемі көйлек болады
Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.
Саусақ жаттығуы
Күн шықты саусақтар оянайық .
Ұйқыдан тұр бас бармақ
Ұйқыдан тұр балан үйрек
Ұйқыдан тұр ортан терек
Ұйқыдан тұр шылдыр шумек

үйрету.
4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
Қортынды
Балаларды мадақтау.
3.Музыка
Педагог жоспары бойынша

илеу, домалақтау, сөзу арқылы велосипед мүсіндеуге үйренеді.
Ресурстар: ермексаз, тактайша
Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командала жұмыс, бақылау.
ҰОҚ өтілу барысы
Шаттық шеңбер
Қуан шаттан алақай
Қуанатын күн келді
Күліп шықты күн бүгін
Қайырлы таң!
Қайырлы күн!
Пед жет ойын: «Кім көп біледі?»
Мақсаты: Балаларға өздеріне таныс көлік түрлерін атайды
Тосын сәт: Робот келеді - Саламатсыңдарма балалар! Маған конструкторлардан велосипед жасап көмектесесіңдер ме, балалар!
Сыни ойлау, бала үні.
Ой дамыту.
АКТ технологиясы
Велосипедпен таныстыру.
Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.
-Саусақпен шымшу,қосу, майыстыру дағдыларын қалыптастыру.
Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.
Сергіту сәті:
Қаламызда көліктің,

бақылау.
Негізгі қимыл-жаттығулары:
1.Орнынан биіктікке секіру
1. Кедір-бұдыр тактай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру
Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командала жұмыс, жаппай бақылау.
Қимылды ойын:
Қоңырау қайдан естіледі?
Мақсаты: Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.
4К моделі, бала үні, жаппай бақылау
Қортынды:
Балаларды мадақтау.
2.Қоршаған ортамен танысу.
Тақырыбы: Байланыс қызметі
Мақсаты: Байланыс қызметі түрлерімен танысып, олардың атауларын атай алады.
Ресурстар: байланыс құралдарының суреттері
Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командала жұмыс, бақылау.
ҰОҚ өтілу барысы
Шаттық шеңбер
Қуан шаттан, алақай!
Қуанатын келді күн,
Қайырлы таң!
Қайырлы күн !
Күліп шықты күн бүгін.
Сұрақтар ізмегі.

<p>6.Б.к.к аяқ бірге,қол кеудеде екі аяқтап секіру (14-16 сек) Тыныс алу жаттығу (Жел үілдейді у-у-у,маса ызындайды з-з-з,этеш шақырады ку-ка-ре-ку.) 4К моделі, бала үні, тікелей бақылау. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. Допты бір-біріне төменнен лақтыру. 2. Доганың астынан еңбектеу Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командамен жұмыс, жаппай бақылау. Қимылды ойын: « Аюлар мен аралар » Ойын мазмұны: Омарта алаңның бір жағында болады. Бір шетте аюдың, араның үңгірі. Ойыншылар тең емес екі топқа бөлінеді. Көпшілігі бал аралары. Белгі бойынша аралар омартадан ұшып шығып бал іздеп, шалғынға қарай ұшады. Олар ұшып кетісімен аюлар омартаға жармасып бал жейді. Тәрбиеші: « Аюлар!»-дегенде аралар омартаға қарай ұшады, ал аюлар үңгіріне қашады. Үлгере алмаған аюды аралар шағып алады. Ара шаққан аюлар келесі ойынға қатыспайды. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. Қортынды Балаларды мадақтау.</p>	<p>Ұйқыдан тұр кішкентай бөбек Сәлем алақан . Пед жет ойын: «Көйлектің түстерін ата» Шарты: Көйлектердің түстерін атау, сурет салуға түс таңдау. Балалардың өз бетінше жұмысы Бақылау жеке көмек. Жәй музыка қосып қою. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Шарты: Жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Жұмыстарын аяқтаған балалар өз жұмыстарын қуыршаққа сыйлайды . Қуыршақ Айгерім барлық балаларға рахметін айтып қоштасады. Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.</p>		<p>Алуан түрі табылар. Ұшақ пенен кемелер, Автобус, поезд бәрі бар. Велосипед мініп ап, Жолды кешіп, шаппаймын. Жолда жүру тәртібін, Мен осылай сақтаймын! Құрлымдалған ойын: «Роботтар» Шарты: әр бала өз бетінше роботты жасау. Өз беттерінше жұмыс. Қадағалау, көмек көрсету. Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. Робот қуанып қоштасады. Қорытынды. Балалардың жұмыстарын өздеріне бағалату. Мадақтау Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.</p>	<p>-Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс айларын атаңдаршы? Сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. Суретпен жұмыс. пошта қызметкерлерімен, телефон, телеграф, радио, пошта т.б. сияқты байланыс түрлерімен таныстыру. Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Пед жет : рөлдік-сюжеттік ойыны «Пошта» Шарты: Ойын барысында балаларды үлкендермен дұрыс қарым-қатынас жасай білуге, әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелейді. Сергіту сәті Біздер тату боламыз Гүл-гүл жайнап аламыз. Жаттығулар жасайық, Жақсы сергіп қаламыз. Құрлымдалған ойын: «Телефондар» Шарты: Қиылған суреттерден телефондарды құрастырып , топтау. Қорытынды. Сұрақтар қойып, тақырыпты қорытады</p>
<p>Серуенге</p>	<p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p>			

дайындық					
Серуен:	Картотека № 12 Қырауды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 8 Мұзды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 17 Қар аралас жаңбырды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 16 Күнді бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 19 Мұздақты бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген					
Серуеннен оралу	Бұл бала қай бала , Пай-пай тап-таза , Ақ қаздай , Киімі мұнтаздай Жарайсың балақай! Дейміз біз мадақтай Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№1 1. Ояну Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	№2. 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	№3 1. Ояну Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	№4 1. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген)					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сурту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін «Топтастыр» Мақсаты: Балалар әртүрлі суреттерді ортақ атауына қарай топтастыруға дағдыланады. Күтілетін нәтиже: Балалар суреттердің атауларын атайды және ортақ атауына қарай топтастыра біледі 4 К моделі, бала үні	Құрылымдалған дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерін жылдам табады, атайды және сипаттайды. Шарты: Балаларға жыл мезгілдерінің суреттерін жапсырып, тілектерін айтады. Күтілетін нәтиже: Балалар жыл мезгілдеріне тән суреттерді тауып әңгімелеп береді.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін жұмыс. Достар бірге жүреміз Бірге ойнап күлеміз Бірге балық аулаймыз Міне біздер қандаймыз Құрылымдалған ойын: «Табиғат құбылыстарын ата» Мақсаты: суреттерге қарап, жазғы табиғат құбылыстарын атай алады.	Вариативтік компонент. Тақырыбы: Ұлттық ыдыстар Міндеті: Қағаз немесе пластик ыдыстарды ұлттық ою-өрнекпен безендіруді үйрету. Безендіру дағдыларын бекіту, ұлттық ою өрнектер туралы білімдерін қалыптастыру. Тиянақтылық пен шыдамдылыққа	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы және қалай дыбыстайтындығы туралы түсініктері қалаыптасады. Күтілетін нәтиже: Балалар жануарлардың дыбысын танып, атауларын атай біледі. 4 К моделі, бала үні

		Бала үні,сыни ойлау		тәрбиелеу. 4 К моделі, бала үні	
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуен	Картотека № 12 Қырауды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 8 Мұзды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 17 Қар аралас жаңбырды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 16 Күнді бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 19 Мұздақты бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
Таңертеңгі серуен бақылауын бекіту.					
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалардың төлем ақысы , тазалықтары жайлы туралы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.				